

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының
6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған
«Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін
калыптастыру» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызы «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы идеяларын, Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру сұраныстарына жауап беруге ықпал етеді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының құндылығы оның мазмұндық құрылымының жүйелі үйлестірілуінде. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, әрбір бөлім үш тармақшадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалармен мазмұндалған.

Ізденушінің зерттеу аясында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі, дәлелділігі, оның ұстанымдарының теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделуімен, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің сәйкестігімен, алынған нәтижелердің дәйекті дәлелденуімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу проблемасын шешу мақсатында ізденуші зерттеу міндеттерін дұрыс қалыптастырған. Қойылған зерттеу міндеттерін шешу барысында:

- жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындаған;
- жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың жүйесі мен әдіснамалық тұғырлары және педагогикалық шарттарын нақтылаған;
- жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін даярлаған;
- жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру әдістемесін жасаған және оның тиімділігін эксперимент жүзінде тексерген.

Ізденушінің зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамаларының негізділігін, шынайылығын оның теориялық негіздемелері мен ғылыми аппаратын құрудағы логикалық бірізділігінен көруге болады. Зерттеу жұмысының шынайылық дәрежесін зерттеу міндеттерінің нақтылығы, зерттеу әдістерін орайлы пайдаланылуы, зерттеу аясында алынған мәліметтердің сандық және сапалық талдауы қамтамасыз етеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері тұлғаның дамуы, теория мен практиканың бірлігі туралы философиялық идеялар, жоғары білім жүйесі туралы қағидалар, тұлғалық-бағдарланған оқыту тұжырымдамасы, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу мәселесіне қатысты іргелі еңбектері, лидерлік, коммуникативтік лидерлік туралы теориялық тұжырымдар болып табылады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары білім беру үшін практикалық тұрғыда құнды еңбек болып саналады. Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыруға арнап даярланған оқу - әдістемелік кешен оқу үдерісіне ендірілген: «Көшбасшылық теориясы» элективтік курсының оқу-әдістемелік кешені; «Педагогика. Көшбасшылық теориясы» атты оқу құралы.

Докторант М.С.Султанмураттың диссертациясын құрылымдық жағынан толық аяқталған теориялық және қолданбалы маңызы бар ғылыми жұмыс ретінде бағалаймын.

Аталған диссертацияны орындау барысында докторанттың зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің басылымдарында, Web of Science компаниясының деректер базасына

кіретін ғылыми журналда, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда жеткілікті деңгейде жарияланған.

Султанмұрат Мөлдір Султанмұратқызының 6D010300-Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған «Жаратылыстану мамандықтары студенттерінің коммуникативтік лидерлігін қалыптастыру» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған және қорғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесші,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің

доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

Г.Ж.Ниязова



РАСТАЙМЫН:
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Кадр бөлімінің
бастығы

Г.Ж.Ниязова